КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 11 тамыз №7119-23-00-2/8119 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ғ.Жақсыбаев,

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
«Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Yelyubayeva» атты жеке кәсіпкер Асель Амантаевна Елюбаева

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

2023 жылғы 17 наурызда «Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – МКК) мен «Yelyubayeva» атты жеке кәсіпкер Асель Амантаевна Елюбаева (бұдан әрі – ЖК) арасында 2023 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №6/800 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Шарттың талаптарына сәйкес өнім беруші ретінде 2023 жылдың 18 маусымына дейін талап қоюшыға жалпы сомасы 19 611 104 теңге тауар – 2 комплект бүйірлік тығыздауларды жеткізуге, ал МКК тапсырыс беруші ретінде тауарды қабылдап алуға және ол үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімі аяқталған күніне дейін техникалық сипаттамаға сәйкес тауар жеткізбеген.

Осыған байланысты, талапкер соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Ғ., 11.08.2023
Заңды күшіне енген күні: 19.09.2023, судья Смаилов А. Д., 19.09.2023
7119-23-3-1/7890

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

2023 жылғы 17 наурызда тараптар арасында шарт жасалған.

Шарттардың 2 қосымшасына, яғни техникалық ерекшелікке сай тауар жеткізу мерзімі 2023 жылдың 18 маусым.

Талап арызда өнім берушінің шарттың талаптарын орындамағаны туралы көрсетілген.

Осыған орай, қазіргі уақытта тараптар арасындағы шарт бұзылды.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте шарттың елеулі ережелерін реттейтін Заңның нормаларын басшылыққа алады.

Сот іске тіркелген құжаттардан жауапкер шарттың талаптарын бұзған.

Сонымен қатар, тапсырыс беруші Заңда көрсетілген мерзімдерде сотқа әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюға міндетті.

Аталған істі қарау барысында өнім берушінің шарты орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сот шығындары АПК-нің 117-бабында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «Yelyubayeva» атты жеке кәсіпкер Асель Амантаевна Елюбаеваға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Yelyubayeva» атты жеке кәсіпкер Асель Амантаевна Елюбаева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Г., 11.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.09.2023, судья Смаилов А. Д., 19.09.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер «Yelyubayeva» атты жеке кәсіпкер Асель Амантаевна Елюбаевадан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А.Ғ.Жақсыбаев

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Ғ., 11.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.09.2023, судья Смаилов А. Д., 19.09.2023

7119-23-3-1/7890